

## Майлықент ауылдық округіне қарасты шағынаудандарды қайта атау туралы

Түркістан облысы Түлкібас ауданы Майлықент ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 27 наурыздағы № 26 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 28 наурызда № 4951 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес және 2018 жылғы 10 қазандағы Оңтүстік Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде Майлықент ауылдық округі әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Майлықент ауылдық округіне қарасты Т. Рысқұлов елді мекенінің "Телевышка" шағынауданын Көкжайлау шағынауданы деп қайта аталсын.

2. Майлықент ауылдық округіне қарасты Т. Рысқұлов елді мекенінің "ДСУ-1" шағынауданын Күншуақ шағынауданы деп қайта аталсын.

3. "Түлкібас ауданы әкімдігінің Майлықент ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкім шешімі мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Түлкібас ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Түлкібас ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Майлықент ауылдық округі әкімінің орынбасары А. Инкарбековке жүктелсін.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК